



Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

ТАРИХҚА ДЕЙІНГІ ТҮРКІЛЕР

ЕГІЗ ҮНДЕСТІК

Түркіславистика ғылымын негіздеу

ҮЙІНДІ мен АПАН

(жалғасы)

III

Отава — “шөбі шабылған жерге қайта шыққан оскін” (Даль, 2,709). Бұл туралы Дмитриев былай деп жазады: “*Ол түркінің кең таралған “трава” деген сөзінен шыққан, румынның otava сөзінің торкіні де осы*”.

Махек (Etym.slovn., 345) бұл жерде *явить* сөзінің алдынан жұрнақ жалғанған десе, Отрембский (Gram.jez.litewskiego, 1, Варшава, 1958 ж. 69 бет) оны литван тіліндегі “отава” дегенді білдіретін *atolas* сөзінің өзгерген түрі деп есептейді.

Фасмер бұл сөздің таралу географиясы ауқымды екенін жазды: шығыс славян (орыс, укр., белор.), оңтүстік славян (серб, хорв., словен), батыс славян (чех, словак, поляк, жоғ. луж., том. луж.). Соңғы екі аймақта алғашқы буынның басында дауыссыз дыбыс тұрған, сонда оның түпкі формасы *wotawa* болған деп пайымдайды ол. Фасмердің пікірі бойынша, *отава* сөзі “семіру”, “толысу” дегенді білдіретін *tyti* сөзінен шыққан, “забава” дегеннен “забыть” шыққаны тәрізді *otava* сөзінің де түбірі осы-мыс. Бұл сөздің таралу аумағы тым кең болғандықтан, оны түркінің ot сөзінен шықты дегуге еш негіз

жоқ. (Ф., III. 168-169 бб..) (Астын сызған мен — О. С.).

Бұл сөздің жалпы славян халықтарына түгел таралуы оның түпкі славян тіліне енген түркі термині деген болжам жасауға түрткі болуы керек еді, бірақ славистикада ондайға жол берілмейді: егер әлдебір термин бүкіл славян тілдерінде қолданылатын болса, онда ол түркі сөзі емес.

Шипова да Дмитриевті қостайды, бірақ ол да сөздің лексикалық даму тетігін қарастыруды ұсынбаған. *Ot* сөзі *otava* болып қалай түрленген және оның мағынасы “шөбі шабылған жерге қайта шыққан оскін” болып неге өзгеріп жүр?

Егер зерттеушілер түркі тілдерінде етістіктің қалай жасалатынын білсе, онда оғыз-қарлұқ тіліндегі *ot-la* етістігінің формасын қиналмай-ақ табар еді.



Солдан оңға қарай: М. Бисенғалиев, О. Сүлейменов, И. Тасмағамбетов.

1) “жайыл”, 2) “шөпті шап” деген ұғымды беретін осы етістік литван тілінде “отава” мағынасында қолданылатын *atolas* (латыштың *atols* сөзі де осы мағыналас) сөзі мен қыпшақтың *ot-taw* – 1) “жайылу” (малға айтылады), 2) “шөп шабу” сөздерінің негізіне алынған тәрізді. Қазақ тіліндегі *оттау* сөзі тура осы мәнде қолданылады.

Ауыспалы мағынада қолданылып жүрген бұл сөздің бастапқы мәні батыс славян тілдеріндегі етістіктерде көбірек сақталған. Салыстырып қараңыз: словен тіліндегі *otaviti se* – “әлдену”, ал чех тіліндегі *otaveti se* – “демалу, күш жинау” деген мағына береді. Бірақ, бұл сөз литван тіліндегідей, басқа славян тілдеріне семантикалық тұрғыда өзгергеннен кейін қосылған сияқты: “шөпті шап” шабылған шөп шөбі шабылған жерге қайтадан шыққан, жайылым мен орып алуға жарамды шөп”. Сөз мағынасының бұлай өзгеруі тек белгілі бір тарихи жағдайда, үстем ұлт (ғұндар ма екен?) басқаларға белгілі бір аумақтағы шабылған шөптің орнына өсіп шыққан шөпті шауып алуға рұқсат еткен кезде ғана жүзеге асуы мүмкін.

Забывать > *забава* тәрізді сөз жасау мүмкіндігі мен осы бір түсініксіздеу тетіктің *тыть* > *отава* сияқты болып жалғасуын Фасмер негіздеп бере алмапты. Орнықты жүйе құру үшін бір ғана мысал келтіру жеткіліксіз болады, оның үстіне, *забава* сөзі *быть* деген етістікке мүлдем қатысы жоқ басқа түбірден шыққан. *Забывать* пен “забава” сөздерін тек түбірдің алдындағы жұрнақ қана байланыстырып тұр. Бірақ жүйелеу үшін бұл аздық етеді.

Алайда редактор О.Трубачев осы гипотезаға сеніп қалып, оны одан әрі іліп әкетеді: ол соңғы буыны осыған ұқсастың *трава, слава, забава* сияқты сөздердің бәріндегі *-ава* “жұрнағын” бөліп қарастырыпты. Кейінірек ол осы жаңалықты “Славян тілдерінің этимологиялық сөздігінде” одан әрі дамыта түседі. Автордың өзі де мойындағандай, бұл жаңалық “1972 жылы Лейпцигте өткізілген этимология жөніндегі симпозиумда дәстүрге қайшы деп танылып, қызу айтыс туғызды, кейін ол салалық әдебиетте одан әрі жалғасты”. Ол айтыста Чехословакиялық лингвист В.Шаура *taviti* деген қарапайым етістік жоқ, бірақ түбірдің алдынан жалғанатын жұрнақ арқылы жасалған “*otaviti* деген етістік бар, *otava* деген зат есім содан шыққан” – деп мәлімдеген. Чехословакиялық маман *-ava* деген жұрнақ бар деген тұжырыммен де келіспей, оны біртұтас *-tava* деген түбір сөздің бір бөлшегі деп есептеуді ұсынған, бірақ ол сөздің де лексикалық мәні бұлыңғырлау.

Халықаралық лингвистикалық конференцияларда осындай ғылыми айтыс-тартыс туындаған. Егер үндіеуропашылдар “қараңғы қаттарысты” қарастырған кезде өз “әулетінің” шекарасынан тысқары жатқан жақтарға да мойын бұрып, “көршілес” тілдердің

қоймасына көз жүгіртсе, мұндай талас тумас та еді.

Сөз соңында дауысты дыбыстың пайда болуын (*ottaw(a)*) былай түсіндіруге болады: бұл – сөздің ашық буынды болып аяқталуына әдеттеніп кетудің салдары (Түркінің *otar* – “жайылым” деген сөзінен *отара* шыққаны сияқты).

Ол кезде Балтық бойындағы халықтар да оғыз-карлұқтармен қорші тұрған болуы ықтимал, *ot-la* деген сөз солардан ауысқан сыңайлы.

Қыпшақ тілдерінде инфинитив формасының да есімдік мәні болады. Сондықтан, *ottaw* деген сөз: 1) шөп шабу = ору, 2) жаю, жайылу = мал жаю деген мағынаны береді.

Бұл сөздің этимологиясын да анықтамамен тәмамдайық: славян тілдері мен жазуында созылыңқы дыбыстар жазыла бермейді. Көне орыс тіліндегі жазба ескерткіштерде қосарлы дауыссыз дыбыс кездеспейді. *Русский* деп жазу кейін шыққан, “Игорь полкі туралы жырда” тек *русский* деп жазылған.

ЖАСЫРЫН ТҮРКІ СӨЗДЕР

(сено, пшено, пшеница, солома)

I

Шипованың “Сөздігінде”, негізінен, анық және танылатын түркі сөздері келтірілген. Түркіславистика танылатын сөздердің ауқымын кеңейтіп, оған “таза славист” жасырын деп атауы мүмкін сөздерді де енгізуді қолдайды. Түркі сөздерін зерттеудің славян тіл біліміне қандай пайдасы бар? Басқа тілден ауысқан сөздерде славян морфологиясының ерекшеліктері анық байқалып тұрады. Құрылымы “ботен” сөздерді игеру кезінде бұл ерекшеліктер маңызды қызмет атқарады. Мысалы, *отара* (< *otar*), *осина* (< *osen*), *осика* (< *osik*) сөздерінің аяғында соңғы тұйық буынды ашық буынға айналдыратын дауысты дыбыс қосылады.

Осы заңдылықты білу арқылы славист түпкі славян тілінің ең басты санаттық белгісін – бастапқы буынның құрылымын ұғына алады.

Сөздің басында келген дауысты дыбыс әлсіздеу болады, бірақ сөздің аяғындағы дауыссыз дыбыстай мүлдем қорғансыз да емес. Орыс тіліне әртүрлі диалектілерден *орало* мен *рало*, *оружие* мен *ружье* сөздері енді, бұл *ор-* түбірін тек *орати* – “жер жырту” (көне славян) сөзінен ғана емес, *рыти* мен *рыть* (*ор-ити*) сөздерінен (сөз басындағы дауысты дыбыс түсіп қалған) де бөліп алуға мүмкіндік береді. Көне славян диалектілерінде *-iti* және *-ati* (*ор-ити*; *ор-ати* – “тұқым себу үшін жерді қопсыту”) жұрнақтары қатар қолданылған. Жалпы славян тілдерінде бұл екі жұрнақ өзара жақын мағына беретін сөздер түзеді: словен тілінде *orati* – “жер жырту”, *riti* – “қазу”, серб және хорват тілдерінде – *орати*, *рити*.

[Славистер анықтай алмай жүрген тағы бір тақырып

– жұрнақтың тайпалық формаларының өзара бөсекелестігі: *-iti*; *-ati* жұрнақтары “қосарлы жұрнақтардың” шығуына себеп болды. Мысалы, орыс тіліндегі *работать* пен украиндардың *робіті* сөздерінің түбірі ортақ – *раб-*, *роб-*, бірақ орыс етістігінде қосарлы жұрнақ қолданылған: *раб-ити* > *рабѣть* > *работ(а)+ати*..

Басқа мысал: орыстың *артачить*, *артачиться* – “артқа шегіну”, “шегіншектеу” (жылқыға айтылады) деген сөзі кейбір сөздіктерде (Преображенскийдің, Фасмердің, т.б.) *рѣт*, *рот* түбірінен таратылады. Түркіславист оның түбірін кері шегіну дегенді білдіретін *арт* – “зад” (каз., тат. т.б.) сөзінен шығарып, қосарлы жұрнақты көрер еді: 1) *арт-ати* – “артқа шегіну”, 2) *артачи-ить* – сол мағынада.

Келесі тараулардың бірінде *учи-ти* етістігінің этимологиясын қарастырамыз: ол *ук* – “білім” (көне орыс) сөзінен шыққан. Бұл сөзді жіліктеп шаққан кезде *у-* деген жалған шылау мен императивтің жалған жалғауы (*у-чит-и*) бөлініп қалады. Осының нәтижесінде *-чит-* деген жалған түбір анықталады, одан *чит-и* > *чит-ати* деген етістіктер шыққан].

Бірақ *orati* мен *oriti* сөздеріне қатысты ешқандай қосарлану болмаған. Славист бұл етістіктерді өзара жақындатпас еді: өйткені сөздіктерде олардың түбірлері әртүрлі делінген. Ал түркіславист түркінің “апан”, “сай”, “жыра”, “ор”, “жырашық”, “шұңқыр” деген мағына беретін *or* сөзін алар еді.

Э.В.Севортян бұл сөздің барлық нұсқаларын келтірген. Түркі тілдерінің көпшілігінде ол – *or*, кейбіреуінде – *ur* (тат., башк.), тек біреуінде ғана – *var* (чув.) түрінде кездеседі. Барлық тілдерде дерлік ол есім сөз, тек хакас тілінде ғана *or* – “шұңқырлау”, “қазу” мағынасындағы етістік ретінде қолданылады. Дегенмен басқа диалектілерде түбір сөз ретіндегі осы лексемадан жасалған, сол мағынаны білдіретін атау септіктегі зат есімдер – “ұра”, “шұңқыр”, “апан” ұғымдарын беретін *oro* (< *orow*), *ura* сөздері болуына карағанда, әу баста – грамматикада аффикс дегендер мүлдем қолданылмаған кезде *or* (*ur*) лексемасы грамматикалық түрғыдан синкретті, яғни “әрі етістік, әрі зат есім” ретінде пайдаланылған деп болжам жасауға болады. Кейіннен олар (тек есім түрінде ғана) “қоршылдардың” тіліне енген. Мысалы, монғол тіліндегі *ur* – “апан”, “қазба”, “кеніш” дегенді білдіреді. Әсіресе, түркілердің *oro* лексемасы айрықша қызығу туғызып отыр, Севортян оны *orow* түбірінен таратады. Меніңше, бұл тұжырымның дұрыстығын фин-угор және славян тілдеріне ауысқан сөздер дәлелдей түсетіндей. Салыстырыңыз: “ор”, “сай” мағынасын беретін *orow* сөзін (коми) түркінің *or* (*ur*) лексемасынан тарату қате тұжырым. Славяндардың да *rou* сөзі “қазу, қазамын” дегенді білдіретін “рыть, рою” етістігінен емес, *orow* лексемасынан жасалған. Бірақ сөздіктерде осы есім формасының аталған етістіктерден жасалуының морфологиялық тетігі көрсетілмеген. Онда жорамалдап айта салады. Литван тіліндегі “ор”

ұғымын беретін *ravas* пен көне прус тіліндегі *rawus* батыс славяндардан ауысқанын дәлелдеу қазір қиын емес. Ал гректердің “ор” мағынасында қолданылатын *ouros* (лат. транскрип. *Uros*) сөзі тікелей түркінің *ur* түбірінен шыққан. Таралу ауқымының кендігі бұл сөздердің көнелігін дәлелдейді.

Семантикалық даму заңдылығы солай – жер өңдеу процесінің бір атауы басқасына ауысады: *пахать-жать-пасти* (жер жырту-егін ору-мал жаю)... Алғашқы иероглифтерді қалпына келтірмей тұрып мұның себебін түсіну мүмкін емес, бірақ лексикалық ошақты құруға дайындық кезеңінде мұндай ауысу болатынын атап өткен ләзім. Мысалы, славян тілдеріндегі *паша* (жер жырт) мен *паша* (мал бақ) сөздері формалық жағынан емес, семантикалық түрғыдан алғанда бір-бірінен мүлдем алшақ жатыр. Көне чех тіліндегі “мал бағу” дегенді білдіретін *pahati* сөзі сол кездегі мәнін сақтап қалған болуы ықтимал. Мұны түркінің *rah* (бақ) деген сөзі қуаттай түседі. 1) “Абыз, бақташы, көсем”, 2) “ынталандыру” ұғымын білдіретін *rahan*, *bakan* сөздері осыдан шыққан. Бастапқы лексеманың “сад” мағынасындағы түрі диқаншылықтың оркендеуіне, жер жырту мен жеміс өсіру процесіне қатысты шығуы мүмкін. Бұл сөздің дамыған нұсқасы – *baksa* – “бақша” күйінде әлі күнге дейін қолданылады.

Мал шаруашылығы дами келе түркілерде *oru* етістігінің “жер жырт” деген алғашқы мәні жоғалып, “ору” мағынасына ие болуы ықтимал. Дәнді топыраққа тереңірек отырғызуға арналған құрал – үшкір таяқтың атауы славян тілдерінде сақталған: *oruk* > *oruga*, содан келіп *оружие*, *орудие* (кару, құрал) ақыр аяғында – *ружье* (мылтық) шыққан. Түркі тілдерінде оған басқа мағына үстемеленген: *orak* (каз.), *urak* (тат.), *oruk* (түрік).

Осы түбірден өрбіген, жер өңдеуге қатысты басқа бір термин формалық жағынан осы құралдың атауына ұқсас: *oruk*, *uruk*, *orok* – ұрық, тұқым (түркіше).

Енді бұл сөздің славян тіліндегі *гороx* (*гpox*, *гpax*, *гpош*) сөзіне ұқсайтыны кездейсоқ емес-ау деп пайымдауға болады. Жалпыдан жалқыға ауысу “өсімдіктер атауы” тақырыбында жиі кездеседі.

Егіншілік пен малшылық терминдерінің түбірі көбінесе ортақ болып келеді. Бұл этногенез процесінің күрделі болғанын білдіреді – “таза егіншілер” мен “таза малшылар” бір-бірімен тығыз араласып, тайпалық одақтарға бірігіп, мемлекеттер құрып, қайтадан ыдырап жатқан. Бұл өртүрлі этникалық топтарға жататын тайпалар – көне түркілер мен көне славяндар болуы да ықтимал. Ұзаққа созылған белсенді қос тілділік пайда болып, мұндай жағдай әдетте неғұрлым күшті де ықпалды этностың жеңісімен аяқталатын. Ондайда жеңімпаз тіл ыдырап кеткен тайпаның лексикасы мен

грамматикасын өз бойына сіңіріп алады.

Толық этимология процесінде үндіеуропа тілдерін мысалға алу көне түркі тіліндегі *ur* (*ur, or, ar*) түбірінің: 1) “пахать” (дән себетін шұңқыр жасау) = “қазылған” (шұңқыр, шұқырша, ор, жырашық), 2) “егу” = “ұрық”, 3) “ору”, “шабу” = “орак”, “шалғы” болып дамуының эпикалық бейнесін қалпына келтіруге септігін тигізеді.

Сөзді жұрнақ жалғау арқылы жасау басталған кезде *orak* (*urak*) – 1) “соқа”, 2) “орак, шалғы”, *oruk, orok, uruk* – “ұрық” терминдері пайда болды. Алғашқы дәнді дақыл – арпаның атауы *arpa* (көне қыпшақ > жалпы түркі) да сол кезде шықты. Севортян бұл атаудың *arfa, arba, abra* болып түрленген диалектілік формаларын да келтіреді. Сөздік авторы егіншілікке қатысты осы терминнің барлық түркі тілдерінде кездесуінің себебі неде екенін түсіндіруге мәжбүр болған: “Түркілер, бәрі бірдей болмағанмен, ұйғырлар, XI ғасырға дейін-ақ егіншілік мәдениетінің әр түрімен (дәнді дақылдар өсіру, жүзім шаруашылығы, бақша өнімдері) таныс болған, мұны тарихи мәліметтерді айтпағанның өзінде, лингвистикалық деректер де дәлелдейді. (Астын сызған мен – О.С.) Атап айтқанда, арпа өсіру оларда ұзақ уақыт бойы дәстүр боп келген, бұл мақал-мәтелдерден де көрініс тапқан”.

Зерттеушілер иран тектес тілдерде тікелей де, жанама да ұқсастықтар жоқтығына қарамастан, түркі сөзінің түбірін табу үшін тағы да иран тіліне жүгінеді. Ең бастысы, бұған баса назар аударған жөн: бұл сөздің морфологиялық типінен иран тілдеріне емес, нақ түркі тілдеріне тән сөз жасау тәсілі ап-анық көрініп тұр.

Кейбір авторлар мұндай сөз түркі тілінде болса, онда ол көне иран тілінде де бар деп нық сенеді, өйткені түркілердің өздері ондай сөзді ойлап шығара алмас еді: сөйтіп, иран тілінде *arba* формасындағы сөз болған деген т ұжырым жасалады да, көне түркілердің *arpa* сөзі мен “арпамен жемде”, “арпа бер” (жылқыға) деген мағынадағы *arpala* және “арпа алу” дегенді білдіретін *arpalan* сияқты одан жасалған көптеген туынды сөздердің төркіні содан шыққан деген пікір туындайды.

“Арпаның көне заманда таралған аймағы” деп аталатын тарауда бұдан да құндырақ дерек келтірілген, онда арпаның ең көне дәнді дақыл екені айтылады. Ең алғаш арпа өсірілген жер Алдыңғы Азия мен Солтүстік Африка (Ежелгі Египет) болған. Еуропаға арпа тек неолит дәуірінің аяғында ғана әкелінген де, кола дәуірінде (б.д.д. IV-I ғасырлар) басты дақылға айналған.

...Көптеген халықтар үшін арпа алғашқы дәнді дақыл болған. Бұған “нан-арпа”, “дән-арпа” теңдігінің мәндестігі арқылы көз жеткізуге болады. Ежелгі ирандықтар бұл дақылды түркілерден басқаша атаған, бұл атаудың ұзақ уақыт бойы сақталып келгенін сөздің семантикалық дамуы арқылы

байқауға болады: *jav* – “арпа” (парс.), *yava* – “дақыл” (авест.). Көрші тілде: *yava* – 1) “дән”, 2) “арпа”(көне үнді).

Гректің “арпа” дегенді білдіретін *alfiton* сөзінің түбірі албандардың сол мағынадағы *elp* сөзіне ұқсас, мұндай сәйкестікті көне қытайдың “күріш дөні” деген ұғымдағы *gliəp* және славяндардың *hleб* – “хлеб” (словен – *hleб*, чех – *chleб*, төм.-луж. – *kleб*) деген сөздерінен де байқаймыз. Сөздіктерде славяндардың бұл сөзі герман халықтарының *hlaifs* – “хлеб”(гот.), *hleifr* – сол мағынада (көне исланд) сөздерінен таратылған. Мұның бірден-бір дәлелі – герман тілдерінде де осындай термин бар екен. Ал герман және славян формаларында славян тілдеріне тән фонетикалық заң – “жұмсақ дыбыстар метатезасының” әсері аңғарылады, басқа тілден (албан тілінен бе екен?) ауысқан *elp* > *help* сөзіне тағы бір буын енгізуге әрекет жасалған. Герман тілдерінде мұндай дыбыс үндестігі байқалған емес.

(Бұл сөздің де өу бастағы жазба формасын қалпына келтіруге болады – *arpa* > *al,pa* > *al,f* > *el,p* – қолданысқа байланысты ол әртүрлі ұғымды бере алады. Толық этимология жүргізу арқылы орыстың *хлябь, хлюпать, хлебатъ* (тұңғиық, шылпылдату, сораптап ішу) деген сөздерінің мағынасы да осы жазбадан тамыр тартатынын көре аламыз. Тіптен, *хлев* (мал қора) те содан шыққан.

II

Әлемдік диканшылық терминдерінің арасындағы арпаның түркілік атауы сол бір жұмбақ иран диалектісінен алынбағаны, егінші түркілердің сөз жасау тәсілі арқылы пайда болғаны мойындалғанда ғана *arpa* терминін ирландтың “нан”, “дән” деген ұғымды беретін *arbar*, латынның “жер жырту” – *arvus*, “жыртпалы жер” – *arvum, aro, arə* – “жер жырту”, “жер жыртамын”, гректің “жер жыртамын” – *arow*, литванның сол мағынадағы *ariu*, латыштың *aru*, көне орыс тілінің “пашу” дегенді білдіретін *орю*, болгардың *ора*, словеннің *oram, orjet*, серб-хорваттың *орет* сөздерімен салыстыруға болады... Бұл етістіктердің бір-бірімен көршілес аумақта өмір сүрген немесе тайпалар одағынан құрылған бір мемлекетте тұратын халықтардың уақыт өте келе үндіеуропалық деп аталған тілінде бір мезгілде түзілгені, дәлірек айтсақ, таралғаны көрініп тұр. Бұл одаққа түркі тайпалары да кірген: *ору* – 1) “жер жырту”, 2) “ору, шабу”, *oram* – 1) “жер жыртамын”, 2) “орамын, шабамын (шөпті)”.

III

Славяндардың диканшылыққа қатысты лексикасы (соқа пайда болғанға дейін) түркі сөздерімен астасып жатыр. Бұл материалдарды салыстыра отырып зерттеу арқылы тарихқа дейінгі көне замандағы диканшылықтың технологиясын

тануға болады: алғашқы дикандар жерді соқамен жыртпаған, топырақты үшкір таяқпен үңгу арқылы жасалған шұқырға дәнді егетін болған. Ол кезде шұқырлы егіншілік кеңінен дамығанын славян тіліндегі *коп-и* (кейінірек: *коп-ай*), *коп-ати* деген етістіктер де дәлелдейді, осы сөздер мен *копые* деген шұқыр жасау құралының, онымен қазылған *копы*, *копанка* деп аталған шұқырдың атауларының түбірі ортақ. Ол кезде жерді үңгіген, бірақ соқамен жыртпаған. Ал *соқа* сөзі қазақтың *соқ* (үр!) деген етістігінен алынған. Бұл құралдың тұрпаты мен оның тік тұратыны осы түбірден жасалған сөздерден көрініп тұр. Алғашқы иероглифтік жазуда жер қазатын құрал тік сызықпен бейнеленсе керек, оның мағынасы да солай: *соқа* – жер жыртатын құрал, *соқай* – “тік түр!”, “қалшиып түр”.

(Славян тілдерінде *соха* – “откір ұшты тескіш құрал”. *Соха* – “мүйіз”, *сохатый* – “мүйізді” болатыны да содан).

Сук деген диалектілік форма әу баста “үшкір ағаш” дегенді білдірсе керек. Уақыт өте келе оның *соқ* – “түйре” деген алғашқы мағынасы “үр” деген көп мәнді ұғымға ие болған. Бұл түбірден тарайтын *соққы* сөзінің мағынасы: 1) “кару”, 2) “шоқпар” (каз.). Дамудың осы сатысында бұл сөз герман тілдеріне ауысқан. Салыстырыңыз: *shock* – “соққы” (ағылшын).

Қазақ тілінде *соқа* сөзінен *соқашы* термині шыққан. (Славян тілдерінде бұл мағынадағы сөздер басқа мәнді түбірден тарайды: (*оратай*, *пахарь*, *плугарь*).

Қыпшақ тобындағы басқа тілдерде де жер жырту технологиясы *соққыға* байланысты. Салыстырыңыз: тат. *сабан* – “соқа”, *сабанчи* – “жер жыртушы”. Оның түбірі *саба* – “үр, соқ” болуы да, *sab* – “шап” болуы да ықтимал. Мүмкін кетпенді де әу баста осылай атаған шығар.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты славяндардың *пахати* – “пахать”, “жер жырту” сөзінің семантикалық мәні дами келе *пъхати* >*пъхати* >*пихати* – “тығу”, “сүғу” (үшкір каруды) деген мағынадағы диалектілік формаларға ие болған деп пайымдауға болады.

...Қаз етістігінен шыққан қазақ тіліндегі “үшкір таяқ” деген мағына беретін құралдың атауы – *казуқ* та сол дәуірден қалған. Қазу жұмысының нәтижесінде *казба* пайда болады.

Бұл терминдер Шумер мен Ежелгі Египеттен де ертерек шыққан шұқыма егіншілік дәуіріне жатады. Бұл елдерде жер жыртуға соқа мен огізді пайдаланған, найза мен қазық соғыс қаруы болған.

Енді қазақтың *сең*, *себуші* деген сөздеріне назар аударып, орыстың *сей*, *сев*, *сеять*, *семя*, *сынь* (чехтың *siti* – “себу”, көне славян тіліндегі *сети* – сол мағынада) сөздерімен салыстырайық. Түбір ретінде алынған *se* лексемасы латынның “себу” дегенді

білдіретін *sero*, *sevi*, *satum*, балтық тілдеріндегі *set*, *seju* (лтш.), *sieti*, *seju* (лит.) сөздеріне негіз болған және герман тілдерінде де кездеседі.

IV

Бағы замандарда пайда болған славян сөздерінің лексикалық сәйкестігі жүйесін тек түркі сөздігінің деректерін ескере отырып қана түзуге болады. Уақыты жеткенде бұл тұжырым дәлелдеуді керек етпейтін аксиомаға айналғанына еш күмәнім жоқ.

Шитова аңғармаған түркі сөздері өте көп, бірақ біздің мақсатымыз олардың бәрін тізіп шығу емес, сондықтан өз тақырыбымыз – диканшылыққа қатысты терминдермен ғана шектелейік.

“*Пшеница, көне славян тіліндегі пшеница; серб, хорват тілдеріндегі вшеница сөздерін көне славян тіліндегі пшено (пшено - тары), пол. pszono, чех. psano, pseno – “пшено” – “ақталған тары” деген сөздерімен байланыстыруға болады*” (Ф. III, 417). Бұл сөздердің фонетикалық жағынан да, семантикалық жағынан да жақындығы көрініп тұр. “Жоңышқа”, “малға беретін шөп” деген ұғымды білдіретін серб, хорват тілдеріндегі *пшена*, *шена* сөздері бұлардан сәл-пәл оқшаулау тұрған сияқты. Сөздіктерде мағыналық өзгерістерге түсіндірме берілмеген. Егер бұл сөздіктерде келтірілген: “*Астық оруға қатысты “түю, ақтау” ұғымын білдіретін көне рьхаті сөзінен “түйілген, ақталған” мағынасындағы рьсенъ сөзі шыққан*” (Ф., сонда) деген түсіндірмеге жүгінсек, оны түсіндіру тіптен мүмкін емес.

Семантикалық дамудың ұсынылып отырған нұсқасы бойынша “ақталған дән”, “талқан”, “үн” мағынасын білдіретін *пшено* сөзі бастапқы түбір болады да, одан “дән”, “дақыл” дегенді білдіретін *пшеница* сөзі, ал “жоңышқа”, “малға беретін шөп” мағынасындағы *пшена*, *шена* сөздері содан кейін барып шыққан болады.

Авторлардың *сено* (көне орыс, көне славян, болг., словен, чех, словак, том. луж), *siano* (пол), *sano* (кошуб), *supo* (жоғ. луж.), *сијено* (серб, хорв.), *сіно* (укр.) сөздерімен ұқсастықты қалай көрмегеніне таң қаласың.

Олар мұндай ұқсастықты тек балтық тілдерінен ғана (лит. *sienas*, лтш. *siens* ” фин. *heina* – “сено”) тауыпты. “*Фонетикалық сәйкестікті ескере отырып, бұларды *sekno; секу (сабау мағынасындағы) сөзі мен сею (себу) сөзінің этимологиясынан таратуды теріс деп таптық*” (Ф., III, 601), – дейді олар. Бірақ басқа ешқандай ұсыныс та жасалмаған.

Түркіславист бұл сөздердің бастапқы түбірі ретінде қазақтың *рісен* (пішен) сөзін ұсынар еді, оның өзі: 1) “кес”, 2) “кесіп алып таста” деген ұғымдарды білдіретін *ріс* түбірінен шығады. Басқа түркі тілдерінде де оның “ору”, “шабу”, “астық жинау”

мағынасы сақталған. Ең қызығы – түркі тілдерінде *pis* етістігі “піс”, “уылжы” деген мағынаны да білдіреді. Сөйтіп, *pisen* деген туынды сөздің “піскен”, “уылжыған” деген қосымша мәні де бар, славян тілдеріндегі “пшено”, “пшеница” деген ұғым-түсініктердің қалыптасуына нақ осы сөз ықпал еткен болуы әбден ықтимал.

“Сөздіктерде” диканшылыққа қатысты терминдерге түсінік берудің шала-шарпы жасалғанына көптеген мысал келтіруге болады. Түркі тілдерінен ауысқан сөздерді былай қойғанда, “үндіеуропалық” лексиканың өзі де толық қамтылмаған. Айталық, бүкіл славян халықтарына ортақ *proso* деген сөзді сыртқы ұқсастығына қарап кез келген сөзге тели салады: “*Proso* деген сөз бастапқы мағынасында “теңбіл, шұбар” деген ұғымды білдіріп, гректің *perivos* – “шұбар”, көне үнді тіліндегі *prsnis* – сол мағынада, көне шығыс неміс тіліндегі *forhana* – “форель” деген сөздерінен шыққан болуы мүмкін” (Ф., III, 379).

Бұл жерде сәуегейлікке салынбай-ақ, орыстың көне шіркеу-славян тіліне назар аудару жетіп жатыр – ондағы *пыро* сөзі “тары”, “бидай” деген мағынада қолданылған, оның өзі гректің “бидай дәні”, “бидай” ұғымын білдіретін *пирос* (лат. транскрипциясы бойынша *pyros*) сөзінен тамыр тартып жатыр. Славян тілдерінде бұл сөз грек тіліндегі түпнұсқасына ұқсас *пырос* болып айтылуы да мүмкін. Шіркеу-славян тілінде оның соңғы дауыссыз дыбысы түсіп қалып, ашық буынмен аяқталған нұсқасы қолданылған: *пыро*, ал славян тілдерінде дақылдың атауы ретіндегі бұл сөздің түрі өзгеріп, оған дауыссыз дыбыс жалғанған да ашық буынмен аяқталған - **пыросо* > *пыросо*. Бұл орайда әлсіз дауысты дыбыстың түсіп қалу заңдылығы – синкопаға сәйкес ол *pyros+a* → *prosa* > *proso* болып түрленген.

Ашық дауысты дыбыстың –*a* > –*o* түрінде еріндік дыбысқа айналуы өте ерте кезеңде қалыптасқан сияқты және бұл барлық славян тілдеріне ортақ құбылыс болғанға ұқсайды, мұны славян тілдеріндегі шабылған шөптің атауы өте ұқсас болуы да (*sepo*) дәлелдей түседі. Тек серб және хорват тілдерінде ғана бастапқы нұсқаға сәйкес, соңғы дыбысы *a* болып келетін формалар (“малға беретін шөп” деген ұғымды білдіретін *пшена*, *шена*) сақталып қалған.

V

Диканшылыққа қатысты түркі терминдерінің және –*ма* буынымен аяқталатын сөздердің көне замандардан бастау алатынын славян тілдеріндегі диканшылыққа қатысты **solma* термині арқылы (бат. слав. *Sloma*, оңт. слав. *Slama*, шығ. слав. *Soloma*) да дәлелдеуге болады.

Фасмер сөздігінде былай делінген: “Көне **solma* сөзі лат. “қуыс шыбық” мағынасындағы *salms*, көне прус тіліндегі “сабан” ұғымын беретін *salme*, көне шығ.

нем. тіліндегі *hal(a)t* – “өсімдіктің сабағы”, гректің *халамос* – “камыс, сабақ, шыбық, сабан”, лат. *cultmus* – “шыбық, сабақ”, тохар. *kultants* – “камыс” сөздеріне жақын. Сондай-ақ оны көне үндінің *salakas* – “сабақ, масақ”, *cilas* – “егіс алқабында қалған масақ” сөздерімен де байланыстыруға болады”. Қараңыз: Граутман... Мейе-Вайан... Педерсен... Хольтхаузен... Шмит... Вальде-гофман... Уленбек... Торп...” (Ф., III, 713).

Бұған араб тіліндегі “жазу үшін қолданылатын камыс” деген ұғымды білдіретін арабтың *salam* сөзін де қосуға болады, ол мыңдаған жылдар өткен соң түркі тілдеріне осы мағынасында қайтып оралды.

Ал осы сөздің торкіні қыпшақтың *sol* – “сол”, “өш”, *solma* 1) “солған шөп”, 2) “солған, сұлық”, 3) “солған нәрсе” мағынасындағы сөздерінен шыққан. Қазір қазақ тілінде *solma* сөзі “кеспе камыр” дегенді білдіреді. Өйткені оның түрі сұлық болып келеді. Ал итальян кеспесі мен спагеттиін қазанға түскенше олай атай алмайсың. (Көне түркі тілінде бұл сөздің семантикалық дамуы анық байқалады: *sol* – 1) “сол, сол жақ”, 2) “әлсіз”, 3) “сол, өш”, 4) “кішірей, әлсіре, азай, құры”, *solus* – “өшу”.

Түрік тілінде *sol* – 1) “сол жақ”, 2) “өш”, *solmak* – “өшу”, *soluk* – “сұлық”. (Қыпшақтың *solma* сөзіне ұқсайды). Бірақ термин ретінде *solma* тек қазақ тілінде ғана сақталғанға ұқсайды (нақты мағынасы басқа болса да). Көне славян тіліндегі *solma* сөзінің лексикалық торкінін іздеген кезде оны елемеу дұрыс болмас еді. Оның үстіне, үндіеуропа тілдерінде де, семит тілдерінде де бұл сөздің этимологиясын табу үшін жеткілікті болатындай морфологиялық та, лексикалық та негіз жоқ. Ал оның осыншама кеңінен таралуы Ежелгі Алдыңғы Азияның немесе Кіші Азияның орасан зор аумағында бірнеше этнос көршілес өмір сүріп, диканшылықты белсенді түрде игере бастаған дәуірде осы көне түркі терминінің күнделікті өмірде қажет болғанын дәлелдейді. Өз басым осы тақырыпқа қатысты үндіеуропа және славян тілдеріндегі басқа да терминдердің этимологиясын зерттеген кезде түркі материалдарына соқпай өту мүмкін емес деп есептеймін.

ҚОРЫТЫНДЫ

I

Түркіславист міндетті ресми білімнен басқа тағы нені меңгеруі керек? Ол түркі сөздерінің славян тілдерінде өзгеріске түсу заңдылықтарының тетігін білуге тиіс:

Буын өзгерісі заңы. Кез келген тілдің ең басты санаттық белгісі – бастапқы буынның құрылымы. (Бұл туралы “АЗИЯ”, Алматы, 1975 ж., “Жазу тілі”, Рим, 1998 ж. кітаптарынан егжей-тегжейлі білуге болады). Славян тілдері ашық буынға негізделген,

демек, бір буынды сөздер басым кезеңде олардың құрылымы Д-з/Д-ы (Дауыссыз-Дауысты) түрінде болған. Қос буынды сөздер шыққан кезде бұл құрылым Д-з/Д-ы+Д-з/Д-ы болып байи түскен. Сөйтіп, буын құрылымы бөлек болып келетін лексемалар бұл тілдерде ерекше сипатты өзгеріске түседі: ондай сөздерді айтқан кезде тұйық буынды сөздер (Д-ы/Д-з) ашық буынды (Д-з/Д-ы) болып өзгереді. Накты тәжірибе жүзінде тұйық буынды сөздерді ашық буынды сөздерге айналдырудың бірнеше әмбебап тәсілі жасалған:

а) Сөздің басындағы дауысты дыбыстың алдында созылыңқы дауыссыз дыбыс (еріндік – *w* немесе көмейлік – *h*) пайда болады. Мысалы: *осемь* > *восемь*, *ойлык* > *войлок*. Тілралық деңгейде ол мынадай көрініс табады: *ото* – “еркек”, “адам” > *homo* (лат.), *woto*, *uoto* (итал).

Осы заңдылықты білу арқылы слав. *pora* – “уақыт” сөзін латынның *hora* – “уақыт”, “сағат” сөзімен салыстыра отырып, латын тіліндегі **ora* сөзінің бастапқы нұсқасын табуға болады, ол итальян және испан тілдерінде *ora* – “сағат” ұғымын білдіреді.

б) Славян тілдерінің басқа диалектілерінде алғашқы буын басқа тәсілмен – бастапқы дауысты дыбыстың түсіп қалуы жолымен жасалған. Ол диалектілерден орыс тіліне енген сөздер - *ружье* > *оружие* (қару), *рундук* – “орындық” > *орундук* (түркі), *рыть* > **орити* – “қазу”, *ратай* > *оратай* – “жер жыртушы”, *ртачиться* > *артачиться* – “шегіншектеу” (жылқыға байланысты қолданылады).

с) Соңғы буынның басында созылыңқы дауысты дыбыс *a(o)* қосылатын болды. Әу баста бұл орайда синкопа арқылы түбір создегі дауысты дыбыс түсіп қалатын: *pisen* > *pseno*, *seno*; *pyros* > *proso*; *cer-emis* > *ceremsa*; *esen* > *vesna*; *kobyz* > *kobza*. Буын өзгерісінің айқын мысалы мынау: түрік тіліндегі *алачук* (*ал-ачук*) “лашық” > *лачуга* (*ла-чу-га*).

д) Кейде тұйық буынды ашық буынға айналдыру үшін сөз аяғындағы дауыссыз дыбыс түсіп қалады: *pyros* > *пыро* (шіркеу-слав.), *спасибог!* > *спасибо!*

Бұл құбылысты алғаш рет біздің дәуірімізге дейінгі II мыңжылдықта кейінгі шумер тілі лексиконында деп танып жүрміз: *til, tir* – “өмір” *ti, tud* – “ту” > *tu, kir* – “топырақ” > *ki, kur* – “тау” > *ku* және т.б.

II

Буын өзгерісі заңының әмбебап сипаты да бар: ол жер бетіндегі барлық тілдерге тән және көптеген фонетикалық заңдардың негізіне алынған. Мысалы, славян тілдеріндегі дауысты дыбыстардың өзгеріске түсуі екі дауыссыз қатар келгенде буынды ашу қажеттілігінен пайда болған: **borda* > *broda, brada* – “сақал”, *zolto* > *zloto, zlato* – “алтын”. Алдыңғы ашық буынды кейінгі буынмен жалғастыру әдісі. [Осы

заңдылықты білу арқылы слав. *rot (rut)* – “ауыз” сөзі мен түркілердің *ort (urt)* – “ауыз қуысы” сөздерін немесе слав. *L,ud* – “халық”, “адамдар” сөзі мен герм. *L,ut* – “халық” және түркілердің *ult* – “халық”, “ұлт” сөздерін бір лексикалық топқа жатқызуға болар еді. Бірақ осы үш форманың қайсысы бастапқы (ашық буынды немесе тұйық буынды) нұсқа екенін тек алғашқы иероглиф белгілерін қалпына келтіргеннен кейін ғана сенімді түрде айтуға болады. Бұл орайда фонетикалық және “тарихи-мәдени” жайттарды басшылыққа алудан пайда жоқ]. Дегенмен егер славян тілдерінде үнді дауыссыздың (л, р) басқа дауыссызбен түйісуі осылай жүргізілсе, мысалы, итальян тілінде кез келген дауыссыз дыбыстардың түйісуінен буынның басында созылыңқы бір дауыссыз дыбыс пайда болады. Бұл фонетикалық заңның (“итальяндық рефлекс”) әсері латын және грек тілдерінен енген сөздерде анық байқалады: *доктор* > *dottore*, *адвокат* > *avvocato*, *Нептун* > *Nettuno*. Латын тіліндегі қосарлы дауыссыз дыбыс кездесетін сөздердің бәрі көне итальян тілінен енген: *Terra* – “жер”, *gibba* – “өркеш”, *stella* – “жұлдыз”, т.б. Романолог үшін мұндай тұжырым ерсі болып көрінері сөзсіз, өйткені ол бала кезінен бері итальян тілі ХҮ ғасырда қарабайыр (қарапайым халық сөйлейтін) тілден шыққан деген қағиданы құлағына сіңіріп өскен. Бірақ олар ашық буынға да, тұйық буынға да, дауыссыз дыбыстардың қай-қайсысының түйісуіне де бейімділігі жететін (бір ғана *sanct* – “қасиетті” деген сөздің өзі неге тұрады!) латын тілінің екі дауыссыз дыбыс түйіскен кезде неге оны бір дыбысқа айналдырып жіберетінін дәлелдей алмайды. Итальян тілінде бұл құбылыс тоқтаусыз жүре береді және осындай түйісу кезінде үнемі екінші дауыссыз дыбыс басым түсіп отырады. Неге? Өйткені ол келесі буынды ашып тұр!

III

...Түркі тілдерінің оғыз-қарлұқ тармағында кездесетін қосарлы дауыссыз дыбыстарды қарастырған кезде біз оның кері сипатта екенін көреміз. Мысалы, қыпшак тіліндегі *устук* – “ыстық, қапырық” > *ussuk* сөздерінің мағынасы бір. Мұндағы түйіскен қосарлы дауыссыз дыбыстардың алғашқысы - буын құраушы, сондықтан ол басым түседі. Өйткені қыпшак тілдерімен салыстырғанда, оғыз-қарлұқ тілдерінде бітеу буын көбірек қолданылады. Шамасы, қыпшак тілдері ашық буынды сөздер кеңінен қолданылатын славян және басқа тілдермен ұзақ уақыт бойы тығыз байланыста болғандықтан, оңдері де ашық буынды сөздерді жатсынбайтын болса керек. Тіптен, ашық буынды сөздер қыпшак тілдеріндегі сөздің өзін өзгертіп жіберіп жатады: түріктің *ulud* – “ұлы” > *uly* (каз.), түріктің *kucuk* – “кіші” > *kisi* (каз.). Мұндай өзгерістердің ең айқын түрі: түрікше *uruk* – “ру”, “тайпа” > каз. *Ru* – “ру”.

Буын құрылымының тәртібіне сәйкес жалғау-журнақтардың түрлері де ерекшеленеді:

Түркі тілдері	Оғыз тілдері	Қыпшақ тілдері
Буын құрылымы	Тұйық буын	Ашық буын
Бағыт. Барыс септік.	-a/-ə, -e -ha,	-ka/-ge, -ke
Есімше. Өткен шак.	-an/-ən,	-en-ahn; -kan/-gen, ken
Етістіктен жасалған зат есім.	-əm/-əm	-ma/-mə, -me

Қыпшақ тілдеріндегі сөздердің басты ерекшелігі: қыпшақтар сөз басындағы *j* (йот) дыбысын көмеймен созылық етіп айтқан, сонда ол *dz, z, c, db, ɬ* дыбыстарының қосындысы тәрізді естіледі. Оғыз-қарлұқ тілдерінде йот сөз басында қолданылмағандықтан таза айтылатын болған.

Еуропа тілдерінде де сөз басында келген йот әртүрлі айтылады. Мысалы, *Japonia* немісше - *Япон*, французша - *Жапон*, ағылшынша - *Джапон* болып оқылады. Түркі халықтары оны *Япон* (түрік, өзбек, ұйғыр), *Жапон* (каз., ққалп., ноғ., балқ.), *Джапон* (қырғ.) және т.б. түрде оқиды.

[Славяндар мен түркі-қыпшақтар йотты негізгі түбірге жалғанатын жұрнақ ретінде пайдаланған. Славян тілдерінде *-i* қазір де өнімді жұрнақ ретінде қолданылады. Қыпшақ тілдерінде йот сөз соңында, тіптен соңғы дауыссыз дыбыстан кейін жалғанатын буынның бастапқы дыбысы ретінде көмейлік **-ki (-ke)* түрінде қолданылған. Мысалы, *is* – “иіс”, *iske* – “иіске” (каз.). Көне қазақ тілінде бұл сөз **iski* түрінде айтылған бөлуі мүмкін, осы нұсқада ол славян тілдеріне ауысып, өзгеріске түскен, бұл тілдерде зат есімнен етістік жасайтын өзіндік жалғаулар мынадай түрде жалғанады: *iski > isk-i*. Сөйтіп, заттық мәні бар *isk* – “іздеу” (по-иск) деген жасанды сөздің төркіні осы сөзде жатқанын аңғарамыз. Ал оның етістік түріндегі мағынасы фонетикалық түрғыдан өзгерген түрде *ищи* болып сақталған (үяң дауыссыз дыбыстың алдында келген *sk* қосарлы дыбысы ызың дауыссызға айналады: *треск > трещи, блеск > блещет...*). Тағы бір нәрсе. Түркі тілінің ықпалы сөздің сөз алдындағы жұрнаққа фонетикалық жағынан тәуелді болуынан да байқалады. Егер *по-иск* сөзінде түбір мен сөз алдындағы жұрнақтың құрамындағы дауыссыз дыбыстар әртүрлі болып келсе, басқа осындай сөздердегі дыбыс үндестігі түркі тілдерінің заңдылығымен түзілген: *обыск, розыск*. Кейінгі буындағы дыбыс алдыңғы буындағы дыбысқа бағыныңқы болып келеді.

...Бұл сөз славян тілдеріне итпен аң аулау үрдіске ене бастаған, қостілділіктің өте бір көне дәуірлерінде ауысқан. Мұнда оғыз-қарлұқ (бұл терминді мен түркі тілдеріндегі қыпшақ тобына жатпайтын диалектілерді білдіру үшін қолданамын) тілдерінің ықпалы айқын білініп тұр: *isle* – “иіске, ізде”, *isledi* – “иіскеді, ізледі”.

Славян тілдерінде бұл сөз **(i)sled-i > “след-и”* түрінде өзгеріске ұшыраған. Бастапқы дауысты дыбыс шылауға айналып кеткен де, *i-sled-i* деп бөлшектенген бұл сөздің

құрамынан *sled* деген жасанды зат есім пайда болған.

...М.Фасмердің сөздігі – германославистің шығармасы, сондықтан кітаптың алғысөзін жазған Б.А.Лариннің атап өткеніндей, “сөздікте Фасмердің орыс-түркі және орыс-фин-угор тілдік байланыстарына сипаттама берген кезде бұлыңғырлыққа ұрынып, кателіктер мен қисынсыз салыстыруларға жол беріп алғаны байқалады. Балтық тілдерінен ауысқан материалдарға қатысты да шалағайлықтар бар”. (Ф. I. 8). Мұндай кателіктерге жол берілгеніне таңғалуға болмайды. Славян тілдеріндегі сөздердің этимологиясы тек славистер немесе германославистер ғана емес, сонымен қатар, балтославистер, фин-угрославистер және басқалар бірлесе (ен болмағанда кезектесіп) жұмыс істегенде ғана нәтижелі болмақ.

Иск, след сөздерін түркіславистің қатысуынсыз зерттеу әсте мүмкін емес. Әйтпесе, *иск* сөзі ағылшынның *to ask* – “сұрау” деген сөзінен (Ф., III, 140), ал *след* сөзі литванның *slidus* – “тегіс, жылтыр” деген сөзінен шыққан деген тұжырыммен (Ф., II, 668) келісуге тура келеді.]

V

Сөйтіп, бастапқы буынның басымдығы *j/di/d,i* дыбыстарының бір-бірін алмастыруына себеп болған, бұл түркі тілдерінің лексикасында айқын көрініс тапқан: *uj = ud = ut* – “сиыр”; *kajyn = kadyn, katyn* – “әйел”; *ajak = adak, atak* – “аяк” және т.б.

Үндіеуропашылдар өздері зерттеп жүрген тілдердегі мұндай алмасуды өлі аңғара алмай жүр. Ал славян тілдеріндегі *roj* және *rod* сөздерін бір лексикалық топқа, *staja* мен *stado* сөздерін екінші топқа жатқызуға әбден болады.

Мұндай алмасулар сырт қарағанда бір-бірінен мүлдем бөлек сияқты көрінетін сөздердің шындығында бір түбірден тарайтынын дәлелдейді.

Егер мұндай алмасуды білмейтін болсақ, онда кириллицадағы қатаң Ш дыбысы неге *ша* деп аталып, ал ұяң Щ дыбысы *шиа* болып оқылғанымен, неге *шта* деп аталатынын түсіну де мүмкін болмас еді. Мұндай әркелкілік сөздердің формасына да әсер етеді.

Әртүрлі тілдердегі сөздер өзара мағыналас болып келеді: нем. *ja!* = слав. *да!*

Нем. *ein* – “бір” = слав. *edin, adin, odin*.

Немесе ағылшынның *I am* дегені - “мен бармын”, “мен” (лат. транскрипциясы - *aj em*) деген ұғымды білдіреді.

Иран тіліндегі *ad am* – “мен бармын” (тағы бір нұсқасы - *az am*). (Иран тілінен батыс славян тілдеріндегі *az* – “мен” деген сөзге ұқсас сөздерді іздестіру керек).

Ағылшынша *You* – “ты” (“сен”), (лат. транскр. *ju*). Герман тілдеріндегі *du* – “ты” (“сен”).

...Мұндай түсініксіз дыбыс алмасудың сілемі көне египет, көне семит және шумер тілдерінен де



байқалады. Бұл жаңалықты ашу үшін жалпы тіл білімі әуелі түркі тілдерін ашып алуы керек, өйткені оларда бұл заңдылық барынша айқын көрініс тапқан. Оның үстіне, мұндай алмасудың жазбаша деректері де бар. Көне түркі әліпбиінде әріптермен қатар бірнеше иероглиф-белгілер де қолданылған, олар жеке түрде белгілі бір ұғым-сөзді білдірсе, күрделі сөздің құрамында келгенде тек өз атауының бастапқы дыбысын ғана білдіреді. Осындай иероглиф-әріптердің ең бастысы, меніңше, **D** – *jaj* болса керек (орыс тіліндегі транскрипциясы – йай), ол 1) “күн”, 2) “садақ” деген мағынаны білдіреді. Әріп ретінде ол *j* дыбысын бейнелейді.

Еуропа тілдерінің әліпбилерінде осыған ұқсас әріп *d* түрінде дыбысталады. Көне түркі жазуының біздің заманымызға дейін жетпеген түрлерінде де *d* дыбысы болуы ғажап емес. Онда көне орыс дерек коздеріндегі Күн құдайының аты (*Дай-бог, Даж-бог, Даждь-бог*) мен *ей-богу!* (*jaj-богу!*) деп қарғанудың қайдан шыққаны да түсінікті болар еді. Тіптен, “күн” деген ұғымды білдіретін ағылшынның *day* және немістің *daj* сөздері мен осы мағынада айтылатын көне түркілердің *jaj* (**daj*) сөзі бір лексикалық түбірден тараған болуы да ықтимал.

Егер дыбыстардың *J/j/dz/di/d/t* түрінде өзгеруін ауызша құбылыс деп санасақ, онда *j/d,t* түріндегі құбылу, меніңше, жазба тілдегі өзгеріс сияқты көрінеді. Өйткені *D* әрпі тек жазылған түрінде ғана біресе *j*, біресе *d* болып оқылған. Осылай оқылған жазба сөздер басқа тілдерге де енген.

Ескерту

Буынның өзгеруі жөнінде тек славян тілдеріндегі түркі сөздерін зерттейтін түркіславист қана емес, кез келген салада маманданған лингвист те білуге тиіс. [Бастапқы буынның ықпалы қай тілде де өулеттік немесе уақыттық шектеулерге қарамастан жүре берген. Көне үнді тілінде құдайлардың атын білдіретін ашық буынды *Brama* (*Brhm* › *Brahma*) және семит жазуымен консонантты түрде *BRHM* деп жазылған Библиядағы тұйық буынды *Abram* (*Abraham, Abraham*) араб тілінде тұйық буынды сөзбен *Jbrahim* деп берілген. Бұлардың қайсысы бастапқы нұсқа? Қазір біз үшін өздері таратқан діндері арқылы адамзат баласын биік сатыға көтерген бұл кемеңгерлердің есімдерінің өзара туыстығы бұдан гөрі әлдеқайда маңыздырақ. Буын өзгеру заңы осыны анықтауға мүмкіндік береді].

Осы заңға бағынатын мұндай өзгерістердің ортақ себептерімен қатар, түсіндіруге келмейтін, бірақ айтпай кетуге тағы болмайтын бірқатар жайттар де бар.

Түркі-қыпшақ тілдерінде екі дауысты дыбыстың ортасында келген “к” әрпінің жұмсартып айтылатыны туралы фонетикалық заңдылық бар. Грамматикалық эволюцияның әсерінен бұл көмейлік дыбыс екі дауысты дыбыстың арасында келгенде көбінесе “г” дыбысы түрінде айтылады: *жақ* – “жги”, *жағу* – “жечь”, *жағар* – “будет жечь”;

тік – “шей”, *тігу* – “шить”, *тігіс* – “шитье” және т.б.

Бұл заң бір кездері славян диалектілерінде де қолданылған. Мысалы, соңғы буынды созылыңқы дауыссыз дыбыс қосу арқылы өзгерткен кезде славяндар да ұяң көмейлік дыбысты қолданған: *jaruk* – “овраг” (түрік) › *яруга* (көне орыс), *alasuk* – “хижина” (түрік) › лачуга – “хижина”, *syrmak* (каз.) › *сермяга* – “қалың мата” (көне орыс).

Бұл заң жаңа сөздерге де қолданылған: *бедняк* › *бедняга*.

Осы заңдылық славян тілдеріндегі көптеген сөздердің бастапқы түріндегі консонанттылықты қалпына келтіруге де көмектеседі. Мысалы, *жги* сөзін алайық. Бұл – түпкі сөздің синкопалық өзгеріске түскен түрі. Етістік тудыратын жұрнақ жалғанбас бұрын түбір сөздегі дауысты дыбыс қандай болған? Мұның жауабын чех тіліндегі “жағу, күйдіру” дегенді білдіретін *zahati*, серб-хорват тілдеріндегі осы мәндес *жагрити* және орыстың кейбір шектеулі аймақта ғана қолданылатын *жагра* – “білте”, “күйген білте” (Даль) сөздерінен табуға болады.

Фасмер оны көне славян тіліндегі “жгу” – “жағамын” мағынасын беретін *dego* сөзінен таратуды ұсынады. (Ф., II, 39).

Меніңше, қазақ тіліндегі *жақ, жағу, жағады, жағар* деген сөздерге де назар аударған жөн сияқты. Орыс тіліне енген кезде соңғы сөздің аяғына дауысты дыбыс қосылған да синкопа бойынша ол: *жагара* › *жагра* болып түрленген.

II

Бірақ түркология мен славистика үшін фонетикалық заңдылық айрықша маңызды, ол арқылы белгілі бір кезеңдегі тарихи сөздерді талдауға болады.

Біздің тарихымыз – тілімізде жатыр, егер ежелгі жазбалар сақталмаған болса, онда тілдің өзі-ақ сонау бір бағы замандарда ұлтымыздың жер бетінде өмір сүрген-сүрмегенін дәлелдейтін археологиялық материал, деректі айғақ бола алады. Орхон-Енисей жазбаларына (б.д.Ү-ҮІІІғғ..) дейін, славяндар христиан дінін қабылдап, әліппе пайда болғанша (X ғ.) не славян, не түркі тіліндегі бірде-бір есім немесе этноним табылған емес.

Қай халықтың да өздерін қалай атағаны ботен елдердің жылнамаларына еңбеген. Түркі-оғыз-қарлұқтар қазіргі Монғолия жерін мекендеп, Қытаймен шекаралас жатқан, онымен талай соғысып, сауда-саттық жасап, тіптен бірлесе әрекет еткен кездері де болған, бірақ көне түркі мәтіндерінен *монғол, Джун-го* (“Қытай”), *хань* (“қытайлық”) деген этнонимді кездестіре алмайсыз. Жылнамашы оларды өз қалауынша атай салған. Ежелгі орыс жазбаларында да түркілердің өздерін қалай атағандарын білдіретіндей ешқандай этноним

келтірілмейді, сондықтан құман деген қыпшақ, ал қыпшақ деген ежелгі орыстар Дикое Поле - Арда Дала деп атаған Дешті Қыпшақ жерін мекендейтін түркі халықтары екенін пайымдап қана білуге болады. Өз туыстары – шығыс славян халықтарын да орыс жылнамашылары олардың өздерін атауы бойынша емес, өз білгенімен атаған. Көбінесе бұл олардың тұрғылықты жерінің ерекшелігіне байланысты болып келеді. Мысалы, Киев маңында тұрғандар – *поляндар* (*поле* – “дала” деген сөзден шыққан), *древляндар* (бұл сөз *древние* – “ежелгі” немесе *древо* – “ағаш, орман” дегеннен шыққан), Полесье аймағында (орманды алқап) *полесьтер* › *полехтер* › *поляктар* тұрған. Сөйтіп, қоршылдар қойған бұл лақап аттар кейін этнонимге айналған да, содан барып өлгі ұлттардың өз атауы болып кеткен.

Кейде мұндай жайт жер-су аттарына байланысты да қойылған. Мысалы, *полабтар* (Лаба өзенінің бойында тұратын халық. Славяндар Эльба өзенін өлі де осылай атайды). Меніңше, Руса өзенінің бойын мекендеген, тілі жөнінен славяндарға да, литвалықтарға да, латыштарға да жақын Балтық бойындағы ежелгі халықты да өстіп *порус* › *прус* деп атап кеткен сияқты. Прустар герман халықтарына сіңіп кеткен, рас, олардың атауында дауысты дыбысқа негізделген сөз алдындағы жұрнақ сақталып қалған, бірақ қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын “Пруссия” - *Borussia* болып ұяң дауыссызбен алмастырылған.

...Рим тарихшысы Тацит (б.д. I ғ.) Дунай өзенінің төменгі сағасы мен Қара теңіздің солтүстік бетін мекендейтін кошпенділер туралы жазып қалдырған. Оларды *jazyges* деп атайды екен. Үлкен латын-орыс сөздігінде бұл сөз *языги* деп аударылыпты. Дұрысы, бұл жерде сөз емес, оның *-es* деген көптік жалғауы ғана аударылған. Мен мұны сәтті аударма деп есептеймін, өйткені түпкі атаудың өзінде көптік жалғау болуы әбден мүмкін, ал Тацит оны дұрыс түсініп, латын тіліне дұрыс аударған. Түркі тілдеріндегі “дала”, “жазира” деген ұғымды білдіретін *jazyk* сөзі (“жаз”, “тегісте” деген мағынадағы *jaz* түбірінен шыққан) славян тілінде семантикалық өзгеріске түсіп, “далалық” деген ұғымды білдіретін болған да оған *jazyk-i* › *jazygi* түрінде көптік жалғауы жалғанған кезде “далалықтар” деген сырттан таңылған этнонимге айналып кеткен.

Түркілердің өздері бұл жалғауды тек бір ғана жағдайда – иран тілінен алынған сөз алдындағы жұрнақты пайдаланып, **jazyk-i* › *jazygi* түріндегі сын есім жасау үшін қолдануы мүмкін.

Бұл болжамдардың қайсысы дұрыс екенін алдағы зерттеулер көрсете жатар, біз үшін маңыздысы – түркі-оғыз тіліндегі етістіктен жасалған зат есімдер б.д. I ғасырында-ақ қолданыста болғанына көз жеткізу. Сөз соңындағы дауыссыз дыбыс

интервокалды жағдайға тап келгендіктен, ұяңданып кеткен. Әзірше басқа тұжырым жасала қоймағандықтан, Тацит келтірген көшпелі халықтың аты түркі тілінен шыққан және Рим тарихшысына мұндай деректі славяндар бергендіктен, аздап өзгеріске түскен деп есептеген жөн сияқты. Ботен халықтар туралы мәліметті көбінесе тілмаштар беретіні де белгілі.

Бұл мысалды славян тілдерінде ұяңданып кеткен к дыбысы кездесетін сөздердің тізіміне енгізе алмасак та, сөздіктерде келтірілген мысалдардың өзі де фонетикалық заңның өзара алмасуы тілдер арасындағы байланыс өте жоғары деңгейде болған және қостілділік кезеңі едәуір ұзақ мерзімге созылған деген қорытынды жасау үшін әбден жеткілікті.

III

Құрлықтық және құрлықаралық этногенездің күрделі процесі кезінде талай ұлт сан ғасырлар бойы бірге өмір сүріп, одан кейін мыңжылдықтар бойы аралары алшақтап кетіп, кейін бір мемлекет шеңберінде қайтадан бірігіп отырған. Жаппай әрі бірнеше мәрте жүргізілген өзара сөз алмасу арқылы кеше ғана бөтен болып көрінгенімен, уақыт өте келе өзінің төл сөзіндей сіңісіп кеткен лексикалық жаңалықтарды жатсынбауға жағдай туғызатын тілдік нормалар сол кезде қалыптасты. Тілдердің осылай өзара байланыса отырып дамуының басты белгісі - әртүрлі нормаларды жатсынбаудың жоғары деңгейде болуы. Шын мәнінде империялық болған латын тіліне нақ осы қасиет тән. Рим империясы ежелгі Еуропаның, Таяу Шығыстың, Египеттің, Грекия мен Кіші Азияның қанша мемлекетін басып алса, римдіктердің тілі осы бағынышты халықтардың тілдік ерекшеліктерін өз бойына сіңіре берген. Бұл тілде алғашқы буынның ықпалы біржола жойылып кетті. Ежелгі латын халықтарының тілі қандай болып еді? Ашық буынды ма, әлде тұйық буынды ма? Оны қазір ешкім де білмейді. Өйткені ол - ашық буынды да, тұйық буынды да бірдей қолданған империялық тіл, федерациялық тіл болған. Бір сөзде дауыссыз дыбыстардың сан алуан тәсілмен түйісуі және “итальяндық қосарлы дыбыстар”, дифтонгтар мен созылыңқы дауысты дыбыстар, ырғағы мен әуені әртүрлі дауысты дыбыстар қатар келе беретін.

Латын тілі тәрізді, барлық түркі және славян тілдері де түгелімен осындай “империялық мектептен” өтті. Бірақ олардың қай-қайсысында да бастапқы буынның ықпалы әлі күнге дейін сақталып қалған. Бұл, әсіресе, басқа тілдерден ауысқан сөздерде анық байқалады. Түркіславист осыны есте тұтуға тиіс. Бұл басқалар үшін де артық болмас еді.

Орыс тілінен тәржімалаған Нұрлан ҚАМИ